

Ахметов Ж.Б.  
**Қоғамдық дамудың жаңа  
кезеңі және салық мәселесі**

Бұл мақалада қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерге сай салық салу бойынша жаңа үрдіс қалыптастыру керектігі қарастырылады. Ол үшін салық салудың жеңіл әрі оңтайлы түріне көшу жолдары және ол өзгерістің тексеру органдары үшін де, салық төлеушіге де, мемлекет үшін де жақсы тұстары көрсетілген, сонымен қатар ұсынылған салық салу жүйесінің жақсы жұмыс істеуі үшін салық мәселесі бойынша қатысты тараптардың барлық кезде қоғам өміріне етене жақын араласуына итермелейді, сол арқылы салық салу ісі жанданып, сенімге негізделіп, көлемі әр жылы өзгеріске ену арқылы түрлі салалардың қоғам өміріндегі салмағына сай тиісті қатынасты керек ететін болады, яғни салық өмір өткелдерінде алатын орнына қарай, қоғамға керектігіне қарай әрі осы сала бойынша үкімет іс-әрекетінің тиімділігін көрсететін барометрге айналатынына талпыныс жасалған.

**Түйін сөздер:** салық төлеушінің кірісі, пайыздық көрсеткіш, салық төлеуші мен салық органдары арасындағы сенімділік, жасырылған кіріс, жасырылған кіріске айыппұл, салық төлеушінің кірісіне салық көрсеткіші, кіріске салық көрсеткіш бойынша үкімет құзыреті.

Akhmetov Zh. B.  
**New period of social  
development and taxing  
problems**

Present article raises the question of introduction of new taxation method in accordance with social development. For this there are proposed ways of transition to easy and comfortable taxation methods for the taxpayer, tax administration and for the government, in addition examples show that for the achievement of better results all parties should closely follow the development process of public life and consequently coherent action will bring to the better imposition of tax, mutual trust and confidence will grow and relying on the size and function of tax particular spheres will be revived, new relationship will appear and the most important all these action will become a measuring instrument of government's performance on resolving the problems appearing in the particular period.

**Key words:** income of the taxpayer, interest rate, mutual trust between tax administration and taxpayer, defrauding of income, penalty for defrauding of income, tax rate on income of the taxpayer, government's function on determination of tax rate on income of the taxpayer.

Ахметов Ж.Б.  
**Новый период в развитии  
общества и проблема налога**

В данной статье ставится вопрос о введении нового способа налогообложения в связи с развитием общества. Для этого предлагаются пути перехода на легкий и удобный способ налогообложения и для налогоплательщика, и для налоговых органов, и для государства, вместе с тем на примере показано, что для достижения лучшего результата все стороны должны своевременно следить за ходом развития общественной жизни. В результате слаженных действий налогообложение становится лучше, возрастает взаимодоверие и, исходя из веса и роли этих налогов, определенные отрасли оживятся, появятся новые отношения и самое главное все эти действия становятся барометром действия правительства по решению назревших проблем в определенный отрезок времени.

**Ключевые слова:** доход налогоплательщика, процентная ставка, взаимное доверие налоговых органов и налогоплательщика, сокрытие дохода, штраф за сокрытие дохода, ставка на доход налогоплательщика, функции правительства об установлении ставки на доход налогоплательщика.

**ҚОҒАМДЫҚ  
ДАМУДЫҢ ЖАҢА  
КЕЗЕҢІ ЖӘНЕ САЛЫҚ  
МӘСЕЛЕСІ**

Біз өмір сүріп жатқан қоғам негізінен мемлекет аумағында Үкімет қалауына сай дамиды, немесе дамуы керек. Бірақ біз мына жайды бар кезде есте ұстағанымыз абзал, ол жай қоғамдық өміріміздің әр саласында өз орнын алатын, ертеңімізге әсер етпей қоймайтын, біз жасаған жаңа немесе өңі өзгерген пішіндер (конструкция) өз ролін атқарып, ертеңімізге әсер ететінін ешқашан естен шығармауымыз керек, сондықтан, бірінші кезекте, ол жаңа пішіндердің біздің ертеңгі өмірімізде қаншалықты өзгеріс жасап, ылайықты орын алатыны, өйткені біздің кешегімізді ешқандай іс-әрекет өзгерте алмайтыны сияқты бар кезде біз ертеңді дұрыс бағамдап, жақсы және ыңғайлы бағыт пен оңтайлы шаруа болуын жіті қадағалап отыруымыз ғана жемісті болмақ және өзінің тиісті нәтижесін бермек. Ал бізде, осы мәселе қаншалықты өз деңгейінде дұрыс шешілген. Үкіметпен ұсынылған даму бағыты, дайындалған жобалары, мемлекетіміздің экономикалық саясатынан қаншалықты алшақ, не болмаса ертеңімізге қызмет ететін тиімді әрекет екеніне біз көбіне-көп қызығушылық таныта бермейміз, өз төл мемлекетіміздің даму жолында бүгінгіміз бен ертеңіміздің жоспарына қаншалықты атсалысып жүрміз, әлде олар бізге керек емес пе.

Кейде осы жайға байланысты іс-әрекеттің бәрі тек қана бюджеттің бір бөлігінің өз аймағымызға, белгілі объектілерге керекті қаражаттың бөлінуін қадағалап, өз бақылауында ұстау секілденеді де тұрады. Түрлі министрліктер, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бірнеше ай бюджеттік жоспардың жобасын жасап Парламенттің қарауына тапсырады, ал парламентте ол жобалар түрлі өзгерістерге ұшырайды. Бізге осы жерде түсініксіздеу жай туындайды. Сонда Үкіметте жан-жақты ойлайтын, елдің келешегіне жаны ауыратын, елдің ертеңін өз болашағындай ойлайтын азаматтардың тым аз болғаны ма, жоқ әлде бұл сондай өзгеріске әкелдік деп көрсету үшін дайындалған спектакль ме, сонда қалай болғаны. Бұл жерде ойланатын бір мәселе әр маман өз деңгейінде дайындап, он ойлап, жеті өлшеп, бір кесіп дайындалған жобаның еш мүлтіксіз өткенін қалауы керек. Олай болмаған жағдайда, дайындалған бюджеттің өзгеріске түскен әр пункті ол мамандардың кәсіби деңгейінің саудаға түсер кезі емес пе. «Көршінің иті

ұры десе» намыстанатын қазақтардың бюджеттік жоспардың жобасын жасаушылар арасында қалмағаны ма.

Бюджеттік бағдарламаларымыз, мемлекеттік қызметкерлер қызметінің тиімділігі жайлы іс-шараларымыз – бәрі бос сөз болғаны ма. Егер бірнеше айда дұрыс шеше алмаған жобаларды қысқа мерзімде түбегейлі, ішінара, әйтеуір өзгеріске ұшыратқан кей тұлғалар неге бюджетті жоспарлау, қаржы саласына қызметке алынбайды. Егер олардың ұсынысы орынды болса келесі бюджетті дайындауды соларға тапсыру керек қой. Олай болмаған жағдайда маған бұл жай сәл түсініксіздеу.

Бұл жағдайда осылай шешілгеніне ешкім өкпелемейді, жобаны дайындаушылар да, өзгеріс енгізушілер де – бәрі ырза, айналадағылардың бәрінің ұпайы түгел, ертеңімізді қаржылық қамтамасыз ететін, мемлекет аумағында күні ертең қоғамымыз болып орындауға кірісетін өміріміздің шешуші құжаты жай ғана бір министрліктің келісімін алуға арналған құжат сынды белгісіздеу өтетіні қынжылтады. Неге сол құжатты дайындаған қызметкер Парламент алдында түсініктеме бермейді. Бірталай уақытын сарп еткендер неге өз жобасын қорғамайды. Мұндай мүмкіндік берілмесе, ол жағдайда кімнің дұрыс, кімнің бұрыс екендігі ашылмай қала бермек. Ол аурудың ең жаманы. Дәлелін ұсынсын, біреудің айтқаны өтті, біреудің ұсынысы өтпей қалды деген емес мемлекет деңгейінде мемлекеттік қызметкер қызметінің тиімділігі анықталсын. «Бармақ басты, көз қысты» жағдай болса, онда анықтау керек. Әділін шешіп, анығын айтқанда ғана аталар өсиеті орындалмақ. Бюджеттік жобаның өзгеріске түсетін бөлігі туралы арнайы сағат өткізіліп, осы мәселені дұрыс шешуді жолға қойса ғана біздің кейбір тұлғалар келешекте жоба дайындау үдерісінде кеңірек ойланатын болады.

Бюджеттік жобаның әрбір теңгесі егер дәлелденбесе, онда жоба ыңғайсыз дайындалды дегенді білдіруі керек. Яғни, оны дайындаушы, онан кейін мақұлдаушы, ұсынушы барлығы, түрлі себептермен осы мәселеге қатысы бар деп табылсын. Олай болмаған жағдайда дайындаушының жіберген қатесі болып саналуға жатады. Бюджет жобасын дайындаған кезде осы жоба бойынша кей тұстарын салмағы мен салдары бірдей бірнеше варианттар қарастырылса, солай ұсынуды да есте ұстау керек секілді. Ұнағаны алынсын.

Бюджет мәселесімен байланысты институт ол салық. Салық туралы түрлі пікірлер бар екенінен көпшілік хабардар. Бірақ біздің қарасты-

руымызда салықтың ұғымы мен табиғаты туралы емес, оның қолданылу кезінде, былайша айтқанда, осы салықтан түскен қаражатты қолданар кезде экономикаға кері әсерін тигізбейтіндей немесе зиянсыз жайдайда жүзеге асуы үшін қандай шара қолдануды керек етеді деген ұсынысқа саяды. Осы жерде есте ұстайтын бір жай ол салықтың табиғатына орай дұрыс та оңтайлы қолдана білудің жүзеге асуына зер салу керектігі, құзіретіне сай пайдалана білуді іске асыруды жақсы орындау, салықтың бар мүмкіндіктерін толық ашу арқылы оның өмірімізде атқарар роліне байланысты жағдайларды тиімді пайдаланып, әр құбылысқа байланысты жақсы жағы мен теріс әсерін, қара қылды қақ жарар әділ сынмен бағалау, сол үшін идеяларды уақыт тезінен өткізіп барып саралауды ескерсек өте орынды болар еді.

Бүгінгі таңда, Қазақстан Республикасы аумағында салық салу ретінің орындалуы аса көңіл көншітерлік емес деуге болады. Өйткені, салық салу ретіне келгенде мемлекет аумағында бір саясат қолданылғаны ыңғайлы болады, әрі ол жайды түсіну орын алады. Тек қана, Үкімет әр жылға арналған экономикалық саясат талабын орындау мақсатында салық салу пайызын бекітеді, мүмкін, осы ұстаным бірнеше жылға созылуы мүмкін, ал кей саланы халықаралық жағдайда қалыптасқан жайға бейімдеп нольдік пайызға дейін қолданып, шара алады, себебі экономиканы оңтайландыру бойынша барлық жауапкершілік Үкімет мойнында екенін ескерсек, бұл шешім орынды екенін көзі қарақты жандардың бәрінің көзі жетеді, табысты жылдарды тұрақтылыққа жеткізер жақсы ойлар қалыптасқанға дейін өзгеріп отырған пайыздар ерте ме, кеш пе тұрақтанады, кез келген салық төлеуші келешегін жоспарлай алатын хәлге жетеді. Бұл жай экономикада, саясатта күрт өзгерушілікті кейінге қалдырып, байсалды көзқарастарға орын берер еді.

Кеден саласындағы салық салу ісін жоғарыда келтірілген ретпен шешсек дұрыс болар еді де, ал түрлі міндетті алымдарды алу ісін тариф бойынша төлеуге бейімдесек осы алымдар мен төлемдерді төлеу жақсы орындалар еді. Жалпы алғанда, жөн-жосықсыз кедендік төлемдерді және алымдарды алуда көп сома қоя беру емес, негізі, шығын қайтып, пайданушы ырзашылықпен төлейтін көлемде болса әрі орындалуы жеңіл, әрі аз да болса кедендік транзиттің жүзеге асуына әсер етіп, қауіпсіздік мәселесін бақылауда ұстап, толыққанды қамтамасыз етсек ғана транзиттің өсуі болар еді. Осы аталған өз-

герістердің барлығы дерлік бір жағдайда орнығуы әлде қайда жақсы нәтиже берер еді, егер салық салу базасы кіріс алушының кірісіне негізделсе. Бүгінде салық төлеу міндеттемесі бойынша салықтық база салық төлеу объектісінің бағасына, физикалық жағдайы немесе өзге сипаттамалары арқылы бюджетке төленетін салық көлемі мен өзге де міндетті төлемдер болып есептеледі [1]. Демек, бар салық төлеуші бір негізде салық төлеуге бейімделуі тиіс. Белгілі уақыт аралығында, ай болсын, немесе тоқсан болсын, тіпті жарты жыл болсын, не болмаса жыл болсын тек кірісінің белгілі сол жылға бекітілген кірістің пайызын ғана төлейді. Осы жерде, кей уәж айтушы қарсылар кірістің қалыптасуы туралы түрлі пікір айтуы әбден мүмкін, өйткені шынтуайтында кіріс болу үшін кірісті төлеуші тарапта міндеттеменің қалыптасуы мен кірісті ол тарапқа төлеуші тұлғаның орындауы бар осы жерде аздаған кілтпап орын алуы кездесіп қалуы болатын жағдайларды саралап, сол жайларға қарай шара қолдану мәселесі қолданылуы керек деп есептейміз.

Әрине, көлік салығы көліктің қозғалтқышының жұмыс көлемі бойынша, мүлік салығы мүліктің коммерциялық бағасы бойынша және өзге салық түрлері қалып алған жағдаймен, ал тек корпоративтік табыс салығы мен қосылған құн салығы, акциздер кіріс бойынша төленеді.

Ең басты мәселе салық төлеушінің шығынының көлемінен бағыныштылықтан құтыламыз. Екінші жағынан салық төлеушіге деген сенім артады, оның шығынын бақылау керек болмай қалады. Салықты кірісінен төлегеннен кейін шығынды көбейту мәселесі күн тәртібінен алынып тасталып, салық жүйесінде күрделі өзгеріске алып келеді. Оның нәтижесі ретінде біздің қол жеткізеріміз ол кірісті бақылау. Бұл өте-мөте жеңіл шаруа. Себебі, салық төлеуші қаласа да, қаламаса да ерте кеш пе кірісті өз есебіне алатын болады. Міне, осы жерде бақылау қажеттігі туындайды. Осы жердегі кей келеңсіздікті болдырмау үшін, тауар мен жұмыс және қызмет үшін төлем төлеуді бір ретке келтіру саясатын іске асыруды дұрыс шешу керек болады.

Бірінші кезекте, салық кодексінде қарастырылған жағдайды қоса алғанда, жөнелтілген тауардың, көрсетілген қызметтің және атқарылған жұмыстың төлем төлеу мезетін қай уақытқа бекіткен дұрыс болатынын анықтау. Біз шығысты бақыламайтын болғандықтан екі тарап немесе онан да көп тараптар арасында есеп болу кезінде өздері үшін ыңғайлы төлем төлеу кезін белгілеу фактілері көбейетін болады,

бұл жағдай салық төлеуші кірісіне байланысты болғандықтан көп жағдайларда кіріс мезеттерін дер кезінде жүзеге асыру мен кешеуілдету кездері көптеп кездесетін болады. Мұндай олықылықтардың алдын алу үшін заңда сатушы сатып алушы атына тауар жөнелткен кезден бастап тауар алғаннан кейін Азаматтық кодексте қолданылатын «қолайлы жағдай аралығында» (разумный срок) қолданған дұрыс болар еді. Демек, тауар сатылды, егер тараптар арасында тауар құнын алдын ала төлеу қарастырылса, ол жағдайда кіріс тауар жөнелтілгеннен кейін тауарды сатып алушы қабылдаған кезден бастап, демалыс күндерін қоспағанда үш күн ішінде деп қарастырылса, ал төлем тауар алғаннан кейін дәл осы ретпен тауар қабылдап алынғаннан кейін демалыс күндерін қоспағанда үш күн ішінде, егер осы үш күн салық бойынша есеп беру айына, тоқсанына және жарты жылдыққа дөп келетін болса, ол жағдайда кірісті есепке алу салық төлеушінің еркіне берілуі керек, қаласа өтіп бара жатқан кезеңге не болмаса енді басталатын кезеңге кіргізуді салық төлеуші шешкені дұрыс болады.

Ал енді үшінші жағдайды қарастырып көрелік. Тауар сатушымен сатып алушыға жөнелтілді, сатып алушымен тауар қабылданды, бірақ тауарды сатып алушымен төлем жоғарыда қарастырылғандай демалыс күндерін қоспағанда үш күн ішінде төленген жоқ. Бұл жағдай екі тараптың келісімімен, не болмаса бір тараптың ұсынысы негізінде болуы мүмкін, яғни осы жағдай үшін мынадай шешім қабылданса.

Тауарды сатып алу – сату шартында немесе жеткізілім шартында тауар үшін төлем төлеу себептерін ашып көрсетіп, шекті мерзім белгіленсе, сол мерзім банк аударымдары тәжірибесі уақытын ескере отырып, кіріс күні болып есептелуі керек. Бұл жағдай тауар үшін төлем алдын ала төлеу жолымен жүзеге асқан жағдайда да қолданылғаны жөн болар еді. Салық жайлы есеп берген кезде тиісті құжаттар көшірмесі бухгалтериялық құжаттарға қосылып көрсетілетін болса бұл жайды дәлелдеу аса қиынға соқпайды.

Өмірде кездесетін жайлар бойынша тауарды сату – сатып алу шарттарында қарастырылған жағдай орындалмаған уақытта сол күннен бастап сатушыға кіріс болды деп есептеп, сол есептелген кірістен сатушыға салық төлеу міндетін жүктеп, ал сатып алушыға сол күннен бастап айыппұл төлеуді міндеттеп, бірінші бөлікте қаралған мерзімнен бастап төлеуді қарастырған дұрыс болар еді. Ал екі тарап арасындағы осы мәселе төңірегінде туындайтын келіспеушілік жағдайды

олардың өздерінің төлем төлеуді сақтамады деген рет бойынша өза шешуге қалдырған жөн болар. Бұл жерде, біз экономикалық-шаруашылық байланыстар төңірегінде қалыпты ережелерді бұзушылардан арылу саясатын да қоса шешеміз деген үмітіміз де жоқ емес. Бір рет, екі рет осы шаралар қолданылғаннан кейін ол тұлғалар ерекше жағдай иелері ретінде өзге тізімге еніп, өзге салық төлеушілерден қатаңдау тексеріске түскендіктен кәсіпкерлікті жүзеге асыру кезінде өз ісін жандандыруға, не болмаса өзге салаға ауысуға, яки қаржылық жағдайларын жөндеу үшін басқа шаралар қолдануға мәжбүр болады. Салық салу саясатын өзгерту жолымен кей салық төлеушілерді тәрбиелеу мүмкіндігі туындайды.

«Сын түзелмей, мін түзелмейді» дейді халық даналығы. Біз кемшілігімізді өзге елдерден бұрын байқап, шара алу жағын қарастыруымыз керек. Сол жағдай да ғана алдыңғы қатарлы елдер қатарынан табылу мүмкіндігіміз жоғарылай түспек. Кез келген салада алға шығу үшін өзге мемлекеттерден кей салық түрлерін төлеуді төменгі пайызбен төлеттіру бар кезде ұшпаққа шығара

бермесі анық, тиісті түсімдерді салық төлеушілердің пайдасына пайдалану жағдайын қарастыру еместігін түсінетін кез жеткен сияқты.

Салық негізінен төлеуге тым қиын болмауы тиіс, бірақ жеңіл де болмауы жөн, тек сол жағдайда ғана салық өзіне артылған жүкті дұрыс көтереді. Салықтың жан-жақтылық қасиеті бар салада жақсы сезілуі қажет, сол кезде қоғам дамуы дұрыс бағытқа бет алып, қоғамның даму жағдайы қалыпты жағдайда дамиды.

Біздің өмірімізде өзгерістер түбегейлі болуы керек. «Әсіре қызыл тез оңар» дегендей кез келген кішігірім дағдарысқа төтеп бере алмайтын оңды-солды өзгерістер елді қажытты. Бізге керегі мемлекет аумағында орнықты өзгерістер болып, жетістіктер жүрек қуантып, байлығымызға сай қоғам орнауы. Сондай күнге жету үшін жанжақты ойластырылған күшті саясат дүниеге келу үшін мызғымас негіз бен жақсы қаражат көздері болуы мақұл. Біз сол жағдайды жақындату үшін салықты жақсылап шешіп алып, өзге тараптарды соған байланысты қарастыру деп ұсынар едік.

#### Әдебиеттер

Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы Қазақстан Республикасы кодексі (Салық кодексі). – Алматы, 2009 // Информационная система «ПАРАГРАФ», 2016.

#### References

Code of Republic of Kazakhstan on tax and other compulsory payment paid to the budget (Internal Revenue Code). – Almaty, 2009 // Informacionnaja sistema «PARAGRAF», 2016.